

СӨЖ

Тақырыбы: *Ауызекі сөйлеу
стилі*

Орындаған: Нұрланова Н.

Тексерген: Нұрбаева Ж.

- Сөйлеу тілі адамдардың бір-бірімен күнделікті қатынасында пайдаланылады. Сондықтан, онда тілдің коммуникативтік функциясы баса сезіледі.

Ауызекі сөйлеу стилі

- *Тұрмыста, отбасыда, өндірістегі бейресми қатынастарда адамдардың еркін қарым-қатынас жасау саласын қамтамасыз етеді.*
- *Функционалды стилдерге, әсіресе, олардың ауызекі түрлеріне ықпал жасайды: баяндама, пікірталас, дәріс, т.б.*

- Ауызекі сөйлеу стилі диалогқа құрылады. Қатысушы екі адам. *Интонация* ерекше қызмет атқарады.
- Сөйлеу тілінің тағы бір ерекшелігі *монолог* (бір кісінің сөзі көпшілік алдында сөйлеу, баяндама, дәріс, консультация)

- Ерекшеліктерінің екінші түрі оның эмоциялылығы, Өйткені айтушы өз эмоциясын сол сөздің аясына сыйғызуға тырысады. Мыс., *"Көбірек сөйлеп кетті"* (бәсендеу түрі, бірақ эмоция сезіледі), *"Мылжыңдап кеттің ғой!"* (эмоцияның қатан түрі)
- Ауызекі сөйлеу стилі әдеби кейіпкердің сөйлеу ерекшелігі мен мінезін таныту үшін ол өмір сүрген ортадағы жергілікті диалект сөздерді стильдік мақсатта әдеби қолданады.
- Қыстырма, қаратпа, одағай сөздер жиі қолданылады. Мыс., *"Айналайын-ау, сені түсінеді деп айтып отырмын"*. Сондай-ақ, сыйлау, құрметтеу, кішірейту, еркелету амал-тәсілдері көбірек пайдаланылады.
- Тілдің көркемдегіш бейнелеуші тәсілдері де қолданылады (теңеу, эпитет, гипербола). Мыс., *«Өгіздей біреу алдымнан шыға келді»*.

Ауызекі сөйлеу стилі басқа стильдерден өзгешелігі мен ерекшелігі, ең алдымен синтаксистен сөйлем құрылысынан байқалады. Стильдің бұл түрінде сұраулы, лепті сөйлемдер катысады. Диалогке құрылады. Ауызекі сөйлеу тілінің стилі ой көбіне автоматты түрде (аяқастынан) дайындықсыз айтылады.

- *Синтаксис* – сөз тіркесінің, сөйлемнің құрылысын зерттейтін грамматиканың бір бөлімі.
- *Синтаксистік категория мен синтаксистік тұлғалар* – адам ойын жинақы тиянақты түрде білдірудің ұйымдастырушы бөлшектері де, сөйлем – ойды білдірудің негізгі формасы.

- Сөздер қалай тіркеседі, сөйлем қалай құрылады, кісінің мақсатты ойын қалайша дұрыс айтуға болады деген мәселелерді *синтаксис* қарастырады.
- Стилистика синтаксистік тұлғалардың жұмсалу аясын, мағыналық құбылыстарын, кісіге етер әсерін, экспрессивтік мағыналарын тіл жұмсау шеберлігі тұрғысынан қарастырады.

Ауызекі сөйлеу тілін қалыптастыратын коммуникативтік жағдайлардың бастамалары


Пікір айту ауызша әрі сөйлеуші мен тыңдаушының жүзбе жүз отырып қатысуы үстінде болады.

Пікір айту диалог түрінде, яғни екі не бірнеше адамның қатысуы арқылы жүреді.

Пікір айту ешқандай дайындықсыз, емін-еркін әңгіме айту үстінде құралады.

- Ауызекі сөздің диалог түрінде жүруі оның синтаксистік құрылысына, лексикасына көп әсер етеді. Сөзайтуға, түсінуге ыңғайлы құралуға тиіс.
- Диалог сөзге репликалар өзара ұштасып, сабақтасып жатады. Бұл да сөйлеу тілінің синтаксистік құрылысына тән ерекшелік.

Эмоциялықпен қатар ауызекі тілінің синтаксистік құрылысына әсер ететін тағы бір жай:



Сөйлеу үстінде көрінетін полемиялық қатынас. Сөйлеуші пікір айтып, қатынас жасағанда, екінші жақтың оған қандай жауап қайтаратынын, әсіресе оның қарсы пікірде болуы мүмкін екенін алдын ала ескеріп сөз құрайды.

Пікір алысу – творчество. Адам сөйлегенде қалыптасқан гр-қ тұрақты формаларды жұмсап, соның жетегінде қалып қоймайды, сөзін түрлендіріп, тыңдаушысына тартымды болу жағын қарастырады.

- Ауызекі сөйлеу тілінде сөзді түрлендіретін түрлі параллель амалдар көп
- *Мыс: Айтпады: себебі ұялды: Айтпағаны ұялғаны*